



Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2018 HP Development Company, L.P.

HDMI, HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface – HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Бұл құжатта берілген ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Қысқа кепілдік мәлімдемелерінде тек HP өнімдері мен қызметтерімен бірге берілетін өнімдер мен қызметтердің кепілдіктері көзделген. Мұндағы ешбір түсінік қосымша кепілдіктің жалғасы болып табылмайды. HP компаниясы мұнда қамтылған техникалық немесе редакторлық қателер немесе жетіспеушіліктер үшін жауапты емес.

Өнім ескертпесі





Бұл нұсқаулықта көптеген үлгілерге ортақ мүмкіндіктер сипатталған. Ең соңғы шыққан пайдаланушы нұсқаулығын ашу үшін, <http://www.hp.com/support> сілтемесіне өтіп, еліңізді таңдаңыз. **Өнімді табу** тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бірінші басылым: Мамыр, 2018 ж.

Құжаттың бөлшек нөмірі: L29829-DF1

Бұл нұсқаулық туралы

Бұл нұсқаулықта монитор мүмкіндіктері, мониторды орнату және техникалық сипаттамалар туралы ақпарат берілген.

-  **ЕСКЕРТУ!** Алдын алмаса, адам өліміне немесе ауыр жарақатқа себеп болуы **мүмкін** жағдайды білдіреді.
-  **АБАЙЛАҢЫЗ:** Алдын алмаса, жеңіл немесе орта деңгейлі жарақатқа әкелуі **мүмкін** жағдайды білдіреді.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Негізі мәтіннің маңызды тармақтарына назар аудартуға немесе толықтыруға арналған қосымша ақпаратты қамтиды.
-  **КЕҢЕС:** Тапсырманы орындау үшін пайдалы кеңестерді қамтамасыз етеді.

HDMI™

HIGH-DEFINITION MULTIMEDIA INTERFACE

Аталмыш бұйым HDMI технологиясын қамтиды.

Мазмұны


1. Жұмысты бастау	1
Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат	1
Өнім мүмкіндіктері және құрамдастары.	2
Мүмкіндіктер	2
Артқы құрамдастар	3
Алдыңғы панельдегі басқару элементтері	4
Мониторды орнату	5
Монитор негізін орнату	5
Кабельдерді жалғау	5
Мониторды реттеу.	7
Мониторды қосу	9
Қауіпсіздік кабелін орнату.	9
Дисплейдің басын орнату.	10
2. Мониторды пайдалану	11
Монитор драйверлерін жүктеп алу	11
Экрандық дисплей (OSD) мәзірін пайдалану	11
Функция түймешіктерін тағайындау	12
Автоматты ұйқы режимін пайдалану	12
Ультракүлгін сәулесінің деңгейі аз режимді реттеу.	13
3. Қолдау көрсету және ақаулықтарды түзету	14
Жиі кездесетін мәселелерді шешу	14
Түймешікті құлыптау	15
Өнімге қолдау көрсету.	15
Техникалық қолдау қызметіне қоңырау шалуға дайындалу.	15
Сериялық нөмірі мен өнім нөмірінің орналасқан орны.	16
4. Мониторға техникалық қызмет көрсету	17
Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары	17
Мониторды тазалау.	17
Мониторды тасымалдау	17

А. Техникалық сипаттамалары	18
68,6 см/27 дюйм: 2560 x 1440 үлгісі	18
68,6 см/27 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі	18
62,2 см/24,5 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі	19
Алдын ала орнатылған дисплей ажыратымдылығы	19
68,6 см/27 дюйм: 2560 x 1440 үлгісі	19
68,6 см/27 дюйм: 1920 x 1080 және 62,2 см/24,5 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі	20
Пайдаланушы режимдерін енгізу	21
Энергияны үнемдеу мүмкіндігі	21
В. Қолжетімділік	22
Қолдау көрсететін көмекші технологиялар	22
Қолдау көрсету қызметіне хабарласу	22

1. Жұмысты бастау

Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат


АТ қуат сымы монитормен бірге беріледі. Басқа сым пайдаланылса, тек бұл мониторға сәйкес келетін қуат көзін және байланысты пайдаланыңыз. Монитормен бірге пайдаланылатын тиісті қуат сымы туралы ақпаратты құжаттама жинағында берілген *Өнім ескертпелері* бөлімінен қараңыз.

 **ЕСКЕРТУ!** Электрмен соғылу немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін:


- Қуат сымын әркез қолжетімді АТ розеткасына жалғаңыз.
- Қуат сымын АТ розеткасынан ажырату арқылы компьютерді өшіріңіз.
- Қуат сымында 3 істікті аша болса, қуат сымын тұйықталған (жерге қосылған) 3 істікті розеткаға қосыңыз. 2 істікті адаптерді жалғау арқылы қуат сымының тұйықталған істігін өшірмеңіз. Тұйықталған контакт маңызды қауіпсіздік талабы болып табылады.

Қауіпсіздігіңіз үшін, қуат сымдары немесе кабельдерінің үстіне ештеңе қоймаңыз. Оларды ешкім кездейсоқ басып қалмайтындай немесе жаңылмайтындай орналастырыңыз.

Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін *Қауіпсіздік және қолдау көрсету нұсқаулығын* оқып шығыңыз. Мұнда тиісті жұмыс орны, теңшеу, орналастыру туралы мәліметтер, сондай-ақ, компьютер пайдаланушыларына арналған салауатты өмір және өмір қауіпсіздігін сақтау кеңестері және маңызды электр мен механикалық қауіпсіздік ақпараты берілген. Аталмыш нұсқаулық <http://www.hp.com/ergo> веб-бетінде орналасқан.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Мониторды, сондай-ақ, компьютерді қорғау үшін барлық қуат сымдары мен сыртқы құрылғыларды (монитор, принтер, сканер) желілік сүзгі немесе үздіксіз қуатпен қамту құрылғысы (UPS) сияқты кернеуді шектейтін құрылғыларына жалғаңыз. Барлық желілік сүзгілері кернеу шектеуімен қамтылмаған; желілік сүзгілерде мұндай функциямен қамтылғаны туралы белгіленіп тұруы тиіс. Зақымдалу кезінде ауыстыру саясатын ұсынатын өндіруші тарапынан өндірілген желілік сүзгіні пайдаланыңыз, осылайша, кернеуден қорғау мүмкіндігі зақымдалғанда жабдықты ауыстырып алуға болады.

HP СКД мониторын тиісінше ұстау үшін жасалған сәйкес және өлшемі тиісті болатын керек-жарақты пайдаланыңыз.


 **ЕСКЕРТУ!** Шкафтың, кітап сөрелерінің, сөрелердің, үстелдердің, динамиктердің, жәшіктердің немесе арбашалардың үстіне дұрыс орнатылмаған СКД мониторлары құлап, дене жарақатын алуға себеп болуы мүмкін.

СКД мониторына жалғанған сымдар мен кабельдердің тартылып қалмайтындай, сүрінбейтіндей немесе бұралып қалмайтындай, абайлап бағытталуы тиіс.

АТ розеткасына жалғанған жалпы кернеу көлемі розетканың номиналды тогынан артық еместігіне және сымға жалғанған өнімдердің жалпы кернеуі сымда көрсетілген номиналды көрсеткіштен аспайтынына көз жеткізіңіз. Номиналды кернеуді (Ампер немесе А) анықтау үшін әр құрылғының қуат кестесін қараңыз.

Мониторды қолжетімді АТ розеткасының жанына орнатыңыз. Мониторды ашасын мықтап ұстап, АТ розеткасынан тарту арқылы ажыратыңыз. Мониторды ешқашан сымын тартып ажыратпаңыз.

Мониторды құлатпаңыз немесе тұрақсыз бетке қоймаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл өнімді уақытыңызды қызықты өткізу үшін пайдалануға болады. Экраннан шағылысуы мүмкін қоршаған орта жарығы мен жарық беттерден келетін кедергілерді болдырмау үшін, мониторды жарық ортасын басқаруға болатын жерге қойыңыз.


Өнім мүмкіндіктері және құрамдастары

Мүмкіндіктер

Бұл өнім экранда сурет ауысқан кезде, бірсарынды, жедел әрі кедергісіз өнімділікпен компьютер ойындарын ойнауға мүмкіндік беретін AMD FreeSync технологиясымен жабдықталған дисплей болып табылады. Дисплейге жалғанған сыртқы дерек көзінде FreeSync драйвері орнатылған болуы қажет.

AMD FreeSync технологиясы дисплейдегі жаңару жиілігін графикалық карта кадрларының ауысу жиілігіне дейін блоктау арқылы ойындардағы және видеолардағы қатып қалу және үзіліп кету ақауларын түзетуге арналған. Құрамдастың немесе жүйенің арнайы бір мүмкіндіктері жөнінде сұрау үшін өндірушіге жүгініңіз.

 **МАҢЫЗДЫ:** DisplayPort/HDMI Adaptive-Sync технологиясы бар AMD Radeon Graphics және/немесе AMD A-Series APU процессорларына сәйкес келетін дисплейлерді пайдалану қажет. FreeSync технологиясына HDMI бойынша қолдау көрсету үшін, AMD 15.11 Crimson драйвері пайдаланылуы тиіс.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Адаптивті жаңару жиіліктері дисплейге байланысты өзгеруі мүмкін. Толығырақ ақпаратты www.amd.com/freesync сайтынан қараңыз.

Дисплейде FreeSync технологиясын іске қосу үшін, монитордағы Menu түймешігін басып, экранда көрсетілетін мәзірді ашыңыз. **Color Control (Түстерді басқару)** опциясын басып, **Viewing Modes (Көру режимдері)** түймесін басыңыз және содан кейін **Gaming-FreeSync™** опциясын басыңыз.


Осы нұсқаулықта төмендегі мониторлардың функциялары сипатталған:

- 2560 x 1440 ажыратымдылығындағы 68,58 см (27 дюйм) диагональді көрінетін экран аймағы, оған қоса төменірек ажыратымдылықтарға арналған толық экранға қолдау бастапқы биіктік пен ең арақатынасын сақтай отырып, кескіннің максималды өлшемін алу үшін масштабты реттеу мүмкіндігін қамтиды
- 1920 x 1080 ажыратымдылығындағы 68,58 см (27 дюйм) диагональді көрінетін экран аймағы, оған қоса төменірек ажыратымдылықтарға арналған толық экранға қолдау бастапқы биіктік пен ең арақатынасын сақтай отырып, кескіннің максималды өлшемін алу үшін масштабты реттеу мүмкіндігін қамтиды
- 1920 x 1080 ажыратымдылығындағы 62,2 см (25 дюйм) диагональді көрінетін экран аймағы, оған қоса төменірек ажыратымдылықтарға арналған толық экранға қолдау бастапқы биіктік пен ең арақатынасын сақтай отырып, кескіннің максималды өлшемін алу үшін масштабты реттеу мүмкіндігін қамтиды


Мониторларда мынадай мүмкіндіктер бар:

- Жарық диодты артқы шамы бар жылтырақсыз панель
- Отырып немесе тұрып, я болмаса ары-бері жүргенде көруге ыңғайлы кең көру бұрышы
- Еңкею мүмкіндігі
- Дисплейді көлденең тұрған қалпынан тік тұру режиміне айналдыруға мүмкіндік беретін шарнирлі осі бар
- Айналдыруға және биіктігін реттеуге мүмкіндік бар
- Дисплей бастиегін ыңғайлы орнатуға арналған алынбалы тірек
- DP (DisplayPort) бейне кіпісі
- HDMI (High-Definition Multimedia Interface) бейне кіпісі
- Аудио құлаққап/айнымалы шығыс желі ұяшығы
- Операциялық жүйе тарапынан қолдау көрсетілген жағдайда, автоматты реттеу мүмкіндігі

- Қосымша қауіпсіздік кабеліне арналған монитордың артындағы қауіпсіздік кабелінің ұясы
- Оңай орнату және экранды оңтайландыру үшін бірнеше тілдегі экрандық дисплей (OSD) теңшеулері
- Барлық сандық кірістердегі HDCP (Жоғары жиілік диапазонындағы сандық мазмұнды қорғау) көшіруден қорғау мүмкіндігі бар
- Қуатты азайтып тұтыну талаптарына сәйкес келетін энергияны үнемдеу мүмкіндігі

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік және басқару жөніндегі ақпаратты құжаттама жинағында берілген *Өнім ескертпелері* бөлімінен қараңыз. Бұйымыңызға арналған пайдаланушы нұсқаулығының жаңартуларын табу үшін, <http://www.hp.com/support> мекенжайына өтіңіз де, HP бағдарламалары мен драйверлерінің соңғы нұсқаларын жүктеп алыңыз.


Артқы құрамдастар



Құрамдас	Функциясы
1 Қуат коннекторы	Қуат кабелін мониторға жалғайды
2 Шығыс аудио (құлаққап) ұяшығы	Құлаққапты мониторға жалғайды. △ Жарақат алу қаупін азайту үшін, құлаққапты, түймелі құлаққапты немесе гарнитураны пайдалану алдында дыбыс деңгейін реттеп шығыңыз. Қауіпсіздік жөніндегі қосымша ақпаратты құжаттама жинағында берілген <i>Өнім ескертпелері</i> бөлімінен қараңыз.
3 HDMI коннекторы	HDMI кабелін мониторға жалғайды
4 DP коннекторы	DP кабелін мониторға жалғайды

Алдыңғы панельдегі басқару элементтері




Басқару элементі	Функциясы
1 Мәзір түймешігі	OSD мәзірін ашу, OSD мәзір элементін таңдау немесе OSD мәзірін жабу үшін басыңыз.
2-4 Функция түймешіктері	Осы түймешіктерді OSD мәзірі ашық болғанда белсендірілген түймешіктердің жанындағы индикаторлар негізінде OSD мәзірін шарлау үшін пайдаланыңыз.  Жиі пайдаланылатын операцияларды жылдам таңдау үшін, OSD мәзіріндегі функция түймешіктерін қайта конфигурациялауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін, Функция түймешіктерін тағайындау беті: 12 қараңыз.
5 Қуат түймешігі	Мониторды қосады және өшіреді.
6 Қуат шамы	Жасыл: монитор қосулы. Сарғылт: монитор күту режимінде.

Мониторды орнату


Монитор негізін орнату

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ: СКД панелінің бетін ұстамаңыз. Панельге қысым түссе, түстердің әркелкі таралуына немесе сұйық кристалдар бағдарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Ондай жағдайда, экран қалыпты күйіне қайта келмейді.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Монитор зауыттан жеткізілген кезде, тірек дисплей бастиегіне бекітіліп тұрады. Монитор орауыш қораптан алғаш рет шығарылған кезде тік көрініс күйінде болады. Мониторды көлденең көрініс күйіне орнату үшін, тіректі 90°-қа бұраңыз.



1. Мониторды тегіс әрі таза бетке төмен қаратып орналастырыңыз.
2. Тірек негізін тірек ішіне толықтай енгізіңіз.
3. Негіздің артындағы бұрандалы тұтқаны көтеріп, бұранданы толықтай бекемдеңіз.
4. Бұрандалы тұтқаны ойық ішіне орналастыру арқылы туралаңыз.




Кабельдерді жалғау

📝 ЕСКЕРТПЕ: Монитор жеке кабельдермен жеткізіледі. Бұл бөлімде көрсетілген кабельдердің барлығы монитормен бірге берілмейді.


1. Мониторды компьютеріңіздің жанындағы ыңғайлы, жақсы желдетілетін орынға қойыңыз.
2. Бейне кабелін жалғаңыз.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Монитор кіріс сигналдардың қайсысында жарамды бейне сигналдары бар екенін автоматты түрде анықтайды. Кірістерді **Input Control (Кірісті басқару) (OSD)** мәзіріне кіру арқылы таңдауға болады.


- HDMI кабелінің бір ұшын монитордың артқы жағындағы HDMI коннекторына және HDMI коннекторының екінші ұшын негізгі құрылғыға жалғаңыз.



- DP кабелінің бір ұшын монитордың артқы жағындағы DP коннекторына және DP коннекторының екінші ұшын негізгі құрылғыға жалғаңыз.



3. Қуат сымының бір ұшын мониторға және екінші ұшын жерге тұйықталған АТ розеткасына жалғаңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ! Электрмен соғылу немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін:


Қуат сымын жерге тұйықтау ашасын өшірмеңіз. Жерге тұйықтау – маңызды қауіпсіздік функциясы. Қуат сымын кез келген уақытта қолжетімді болатын тұйықталған (жерге) АТ розеткасына қосыңыз.

Қуат сымын АТ розеткасынан ажырату арқылы жабдықтан қуатты өшіріңіз.


Қауіпсіздігіңіз үшін, қуат сымдары немесе кабельдерінің үстіне ештеңе қоймаңыз. Оларды ешкім кездейсоқ басып қалмайтындай немесе жаңылмайтындай орналастырыңыз. Сым немесе кабельді тартпаңыз. АТ розеткасынан қуат сымын ажырату кезінде сымды ашасынан ұстаңыз.

Мониторды реттеу

1. Дисплей басын көруге ыңғайлы деңгейге орнату үшін, алға-артқа қарай еңкейтіңіз.




2. Көру бұрышы өзіңізге ыңғайлы болуы үшін, дисплей бастиегін солға немесе оңға бұраңыз.




3. Монитордың биіктігін жұмыс орныңызға ыңғайлы болатындай реттеуіңізге болады. Монитордың алдыңғы панель жиегі көз деңгейінен жоғары болмауы тиіс. Төмен немесе шалқайып тұрған монитор линзалары бар пайдаланушыларға ыңғайлы болуы мүмкін.

Жұмыс барысында отыру қалпыңызды өзгерткеніңізге қарай мониторды да қозғап отыру керек.



4. Өз ыңғайыңызға қарай, дисплейді көлденең тұрған қалпынан тік қалпына бұруыңызға болады.
- a Монитордың биіктігін ең биік позицияға орнатыңыз немесе дисплей бастиегінің артқы жағын толық еңкейтіңіз.
 - b Дисплейді көлденең тұрған күйден тік күйге сағат тілінің бағытымен 90°-қа бұраңыз.



⚠ АБАЙЛАҢЫЗ: Бұру кезінде монитор ең биік позицияда немесе толығымен шалқайған күйде тұрмаса, дисплейдің төменгі оң жақ бұрышы негізге тиіп кетіп, мониторды зақымдауы мүмкін.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Экрандағы ақпаратты тік режимде көру үшін, HP веб-сайтынан HP Display Assistant бағдарламалық жасақтамасын орнатуға болады.

Мониторды қосу

1. Іске қосу үшін, компьютердегі қуат түймесін басыңыз.
2. Іске қосу үшін, монитордың төменгі жағындағы қуат түймесін басыңыз.



Монитор іске қосылғанда, монитордың күйі жайлы хабар бес секунд көрсетіледі. Хабарда қай кіріс сигналы ағымдағы белсенді сигнал екенін, автоматты ауыстырып-қосу кезі параметрінің күйін (қосулы, өшірулі, әдепкі параметр-қосулы), ағымдағы алдын ала орнатылған экран ажыратымдылығын және ұсынылған алдын ала орнатылған экран ажыратымдылығын көрсетеді.

Монитор белсенді сигналды табу үшін сигнал кірістерін автоматты түрде сканерлейді де, табылған кірісті экран үшін пайдаланады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ: 12 немесе одан көп сағат пайдаланбай экранда бірдей статикалық кескінді көрсететін мониторларда қалдық кескін зақымы орын алуы мүмкін. Монитор экранында қалдық кескін зақымын болдырмау үшін, ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған кезде, экран қорғауышын қосу керек немесе мониторды өшіру керек. Қалдық кескін барлық СКД экрандарында орын алуы мүмкін. HP кепілдігі қалдық кескінді қамтымайды.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Қуат түймешігін басқанда ешқандай өзгеріс болмаса, "Қуат түймешігін бұғаттау" мүмкіндігі қосылған болуы мүмкін. Бұл мүмкіндікті өшіру үшін, қуат түймешігін 10 секунд ішінде басып тұрыңыз.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Қуат шамын OSD мәзірінде өшіруге болады. Монитордың төменгі жағындағы Menu (Мәзір) түймешігін басып, **Power Control (Қуатты басқару) > Power LED (Қуаттың жарық диоды) > Off (Өшіру)** тармағын таңдаңыз.


Қауіпсіздік кабелін орнату

HP ұсынған қосымша кабель құлпымен мониторды қозғалмайтын нысанаға бекітуге болады.




Дисплейдің басын орнату

Дисплейдің басын қабырғаға, айналмалы таянышқа немесе басқа бекіту құралдарына орнатуға болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл құрылғы UL немесе CSA ішінде тізілген қабырғаға орнату кронштейніне орнатуға арналған.

Егер монитор TCO сертификатына ие болса, дисплей бастиегіне жалғанған қуат сымы қорғалған қуат кабелі болуы тиіс. Қорғалған қуат кабелін пайдалану дисплей бұйымдарына арналған TCO сертификатталған шарттарына сәйкес келеді. TCO талаптары туралы қосымша ақпаратты www.tcodevelopment.com веб-сайтынан қараңыз.


 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Бұл монитор VESA салалық стандартына сәйкес 100 мм орнату саңылауларына қолдау көрсетеді. Үшінші тарап ұсынған бекіту шешімін дисплейдің басына орнату үшін, 4 мм, 0,7 ирек оймалы және ұзындығы 10 мм болатын төрт бұранда қажет. Одан ұзағырақ бұрандаларды пайдалануға болмайды, себебі дисплейдің бастиегі зақымдалуы мүмкін. Өндіруші ұсынған орнату шешімі VESA стандартына сәйкес келуіне және дисплей салмағын көтеретіндей жасақталғанына көз жеткізу керек. Үздік өнімділікке қол жеткізу үшін, монитормен бірге берілген қуат және бейне кабельдерін пайдалану маңызды.

Монитор тірегін алу

Дисплейдің басын тұғырдан алып тастап, оны қабырғаға, тербелмелі таянышқа немесе басқа орнату құрылғыларына орнатуға болады.


 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Мониторды бөлшектемес бұрын, монитордың өшірулі және кабельдердің ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

1. Кабельдердің барлығын монитордан ажыратып, алып тастаңыз.
2. Мониторды таза әрі құрғақ шүберек төселген тегіс бетке төмен қаратып қойыңыз.
3. Дисплей басының артқы жағында орналасқан VESA саңылауларынан тұрт бұранданы алыңыз.



VESA орнату кронштейнін бекіту

Дисплей басының артындағы VESA саңылауларынан алынған төрт бұранданың көмегімен орнату тақтасын қабырғаға немесе тербелмелі таянышқа орнатыңыз.



2. Мониторды пайдалану

Монитор драйверлерін жүктеп алу

.INF және .ICM файлдарының соңғы нұсқасын HP мониторларына қолдау көрсету веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

1. <http://www.hp.com/support> сілтемесіне өтіңіз.
2. **Өнімді табу** опциясын таңдаңыз.
3. Мониторыңызды таңдап, бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Экрандық дисплей (OSD) мәзірін пайдалану

Монитор экранының кескінін қалауыңыз бойынша реттеу үшін, экрандық дисплей (OSD) мәзірін пайдаланыңыз. Монитордың алдыңғы панелінің астыңғы жағындағы түймешіктерді пайдаланып, OSD мәзіріне кіріп, реттеулерді жасауға болады.

OSD мәзіріне кіріп, реттеулерді жасау үшін, келесілерді орындаңыз:


1. Монитор әлі іске қосылмаса, оны қосу үшін қуат түймешігін басыңыз.
2. OSD мәзіріне кіру үшін, төрт экрандық түймешіктің бірін басып, түймешіктерді белсендіріңіз. OSD мәзірін ашу үшін Menu түймешігін басыңыз.
3. Мәзір элементтерін шарлау, таңдау және реттеу үшін, үш функция түймешігін пайдаланыңыз. Экрандық түймешік белгілері белсенді болып тұрған мәзір не ішкі мәзірге байланысты өзгешеленеді.

Келесі кестеде OSD мәзіріндегі элементтер тізімі берілген.

Негізгі мәзір	Сипаттама
Brightness (Жарықтық)	Экранның жарықтық деңгейін реттейді. Зауыттық әдепкі мән – 90.
Contrast (Контраст)	Экранның контраст деңгейін реттейді. Зауыттық әдепкі мән – 80.
Color Control (Түстерді басқару)	Түс температурасын, көру режимдерін және пайдаланушының түс параметрлерін реттейді.
Input Control (Кірісті басқару)	Бейненің кіріс сигналын таңдайды.
Image Control (Кескінді басқару)	Экран кескінін және жауап беру уақытын реттейді.
Power Control (Қуатты басқару)	Қуат параметрлерін реттейді.
Menu Control (Мәзірді басқару)	Экрандық дисплей (OSD) мен Функция түймешігінің басқару элементтерін реттейді.
Management (Басқару)	OSD мәзірінің барлық параметрлерін зауыттық әдепкі мәндерге қайтарады.
Language (Тіл)	OSD мәзірі көрсетілетін тілді таңдайды. Зауыттық әдепкі тіл – ағылшын тілі.
Information (Ақпарат)	Монитор туралы маңызды ақпаратты көрсетеді.
Exit (Шығу)	OSD мәзір экранынан шығады.

Функция түймешіктерін тағайындау

Алдыңғы панельдегі төрт функция түймешігінің бірін бассаңыз, түймешіктер іске қосылады және олардың үстінен белгішелер көрсетіледі. Зауыттық әдепкі түймешік элементтері мен функциялары төменде көрсетілген.




Түймешік	Функциясы
1 Мәзір	OSD (экрандық дисплей) мәзірін ашады.
2 Ақпарат (1-ші функция түймешігі - тағайындауға болады)	Ақпарат мәзірін ашады.
4 Көру режимі (2-ші функция түймешігі - тағайындауға болады)	Мониторды қолайлы көру жарықтығына бейімдейді.
5 Келесі белсенді кіріс (3-ші функция түймешігі - тағайындауға болады)	Монитордың кіріс көзінен келесі белсенді кіріске ауыстырады.

Функция түймешіктерін әдепкі мәндерінен түймешіктер іске қосылғанда жиі пайдаланылатын мәзір элементтеріне жылдам кіре алатындай етіп өзгертуге болады.

Функция түймешіктерін тағайындау үшін:

1. Түймешіктерді белсендіру үшін, төрт алдыңғы экрандық түймешіктің бірін басыңыз, содан кейін OSD мәзірін ашу үшін, Мәзір түймешігін басыңыз.
2. OSD мәзірінде **Menu Control (Мәзірді басқару) > Assign Buttons (Түймешіктерді тағайындау)** тармағын таңдап, сонан соң тағайындағыңыз келетін түймешік үшін қолжетімді опциялардың бірін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тек үшін функция түймешігін тағайындауға болады. **Menu (Мәзір)** түймешігі не қуат түймешігінің тағайындауларын өзгертуге болмайды.

Автоматты ұйқы режимін пайдалану

Монитор Auto-Sleep Mode (Автоматты ұйқы режимі) атты OSD опциясына қолдау көрсетеді, ол дисплей үшін қуатты үнемдеу күйін қосады немесе өшіреді. Автоматты ұйқы режимі қосылғанда (әдепкі бойынша қосулы), басты ДК төмен қуат режимінде сигнал бергенде (көлденең не тік синхрондау сигналының болмауы) монитор қуатты үнемдеу режиміне енеді.

Осы қуатты үнемдеу режиміне (ұйқы режимі) енгенде, монитор экраны қараңғыланады, артқы шам өшеді және қуат шамының индикаторы сары түспен жанады. Бұл қуатты үнемдеу режимінде монитор 0,5 Ваттан төмен қуат мөлшерін тұтынады. Басты ДК мониторға белсенді сигнал жібергенде (мысалы, егер тінтуірді немесе пернетақтаны түртіп қалсаңыз), монитор күту режимінен шығады.

OSD мәзірінде автоматты күту режимін өшіруге болады. Түймешіктерді белсендіру үшін, алдыңғы панельдегі төрт функция түймешігінің бірін басып, содан кейін OSD мәзірін ашу үшін, мәзір түймешігін басыңыз.

1. OSD мәзірінде **Power Control (Қуатты басқару)** опциясын таңдаңыз.
2. **Auto-Sleep Mode (Автоматты ұйқы режимі)** опциясын таңдаңыз.
3. **Off (Өшіру)** опциясын таңдаңыз.

Ультракүлгін сәулесінің деңгейі аз режимді реттеу

Дисплейден шығатын көк жарықты төмендетсеңіз, көзіңізге әсер ететін көк жарық мөлшері азаяды. Монитор экрандағы мазмұнды оқып жатқанда, көк түс шығысын азайтып, ыңғайлы әрі аз тітіркендіретін кескінді жасауға қажетті параметрмен қамтамасыз етеді. Мониторыңызды ыңғайлы көру жарығына реттеу үшін, келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Көру режимі түймешігін басыңыз.
2. Қажетті параметрді таңдаңыз:
 - **Low Blue Light (Төмен деңгейлі көк жарық):** TUV сертификатына ие. Көзге ыңғайлылықты арттыру үшін көк жарық мөлшерін азайтады
 - **Night (Түн):** Көк жарықтың ең төмен мөлшеріне реттеп, ұйқыға әсер ету деңгейін азайтады
 - **Reading (Оқу):** Қашықтан көру үшін көк жарық пен жарықтық деңгейін оңтайландырады.
3. Параметрді сақтау үшін, **Save and Return (Сақтау және оралу)** опциясын таңдап, **Viewing Mode (Көру режимі)** мәзірін жабыңыз. Параметрді сақтағыңыз келмесе, **Cancel (Болдырмау)** опциясын таңдаңыз.
4. Негізгі мәзірден **Exit (Шығу)** түймешігін басыңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін *Қауіпсіздік және қолдау көрсету нұсқаулығын* оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықта жұмыс орнын реттеу процедурасы сипатталған және қолайлықты арттыратын және жарақат алу қаупін азайтатын дене қалпы мен жұмыс істеу әдеттері бойынша нұсқаулар қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, электрлік және механикалық қауіпсіздік туралы ақпарат келтірілген. Аталмыш нұсқаулық <http://www.hp.com/ergo> веб-бетінде орналасқан.

3. Қолдау көрсету және ақаулықтарды түзету

Жиі кездесетін мәселелерді шешу

Келесі кестеде ықтимал ақаулықтар, әр ақаулықтың ықтимал себебі мен ұсынылатын шешімі көрсетілген.

Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
Экран бос немесе бейне жыпылықтап тұр.	Қуат сымы ажыратылған.	Қуат сымын жалғаңыз.
	Монитор өшірулі.	Қуат түймешігін басыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Қуат түймешігін басқаннан еш нәтиже болмаса, "Қуат түймешігін құлыптау" мүмкіндігін өшіру үшін қуат түймешігін 10 секунд ішінде басып тұрыңыз.
	Бейне кабелі дұрыс жалғанбаған.	Бейне кабелін дұрыс жалғаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, Кабельдерді жалғау беті: 5 қараңыз.
	Жүйе ұйқы режимінде.	Ұйқы режимінен шығу үшін пернетақтаның кез келген пернесін басыңыз немесе тінтуірді қозғап қалыңыз.
	Бейне картасы сәйкес келмейді.	OSD мәзірін ашып, Кірісті басқару мәзірін таңдаңыз. Автоматты ауыстырып-қосу кірісі опциясын Өшірулі күйіне орнатып, кірісті қолмен басқару арқылы таңдаңыз.
Кескін бұлыңғыр, анық емес немесе тым қараңғы болып шығып тұр.	Жарықтық деңгейі тым төмен.	OSD мәзірін ашып, жарықтық шкаласын қажетінше реттеу үшін, Brightness (Жарықтық) опциясын таңдаңыз.
Check Video Cable (Бейне кабелін тексеру) хабары экранда көрсетіліп тұр.	Монитордың бейне кабелі ажыратылған	Компьютер мен монитор арасына тиісті бейне сигналының кабелін жалғаңыз. Бейне кабелін жалғап жатқанда, компьютер өшірулі болуы керек.
Input Signal Out of Range (Кіріс сигналы ауқымнан тыс) хабары экранда көрсетіліп тұр.	Бейне ажыратымдылығы және/немесе ақпаратты жаңарту жиілігі монитор қолдау көрсететін шектен жоғары орнатылған.	Параметрлерді қолдау көрсетілетін параметрлерге өзгертіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, Алдын ала орнатылған дисплей ажыратымдылығы беті: 19 қараңыз.
Монитор өшірулі, бірақ ұйқы режиміне кірмеген сияқты.	Монитордың қуат үнемдеуді басқару функциясы өшірулі.	OSD мәзірін ашып, Power Control (Қуатты басқару) > Auto-Sleep Mode (Автоматты күту режимі) тармағын таңдап, автоматты ұйқы режимін On (Қосулы) күйіне орнатыңыз.
On-Screen Menus are Locked хабары көрсетіліп тұр.	Монитордың OSD мәзірін құлыптау функциясы қосулы тұр.	OSD Lockout (OSD құлпы) функциясын өшіру үшін, алдыңғы панельдегі Menu түймешігін 10 секунд басып тұрыңыз.
Power Button is Locked хабары көрсетіліп тұр.	Монитордың қуат түймешігі құлыптаулы.	Қуат түймешігін құлыптау функциясын өшіру үшін, қуат түймешігін 10 секунд басып тұрыңыз.

Түймешікті құлыптау

Қуат түймешігін немесе Menu түймешігін он секунд бойы басып тұрсаңыз, түймешіктердің функционалдығы бұғатталады. Түймешікті он секунд бойы қайта басып тұру арқылы функционалдықты қалпына келтіруге болады.

Функционалдықты монитор белсенді сигналды көрсетіп қосулы болған және OSD белсенді болмаған жағдайда ғана орындаңыз.

Өнімге қолдау көрсету

Мониторы пайдалану бойынша қосымша ақпарат алу үшін, <http://www.hp.com/support> веб-бетіне өтіңіз. **Өнімді табу** тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Орындай алатын әрекеттер:

- HP техник маманымен онлайн тілдесу



ЕСКЕРТПЕ: Қолдау көрсету чаты белгілі бір тілде қолжетімді болмаса, ол ағылшын тілінде қолжетімді болады.

- HP қызмет көрсету орталығын табу


Техникалық қолдау қызметіне қоңырау шалуға дайындалу


Бұл бөлімдегі ақаулықтарды түзету жөніндегі кеңестерді пайдаланып мәселені шеше алмасаңыз, техникалық қолдау қызметіне хабарласуыңыз керек. Қоңырау шалу кезінде келесі ақпаратты дайындап қойыңыз:

- Монитор үлгісінің нөмірі
- Монитордың сериялық нөмірі
- Есепшоттағы сатып алу күні
- Ақаулық туындаған жағдайлар
- Көрсетілген қате хабары
- Жабдық конфигурациясы
- Пайдаланып отырған жабдық пен бағдарламалық жасақтамасының атауы мен нұсқасы

Сериялық нөмірі мен өнім нөмірінің орналасқан орны

Сериялық нөмір мен өнім нөмірі экранның артқы жағындағы жапсырмада орналасқан. Бұл нөмірлер HP компаниясына монитор үлгісіне қатысты хабарласқан кезде қажет болуы мүмкін.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Жапсырманы оқу үшін, дисплей басын жартылай айналдыру қажет болуы мүмкін.



4. Мониторға техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары


- Монитор корпусын ашпаңыз немесе бұл өнімге өз бетіңізбен қызмет көрсетпеңіз. Тек жұмыс нұсқаулықтарында көрсетілген басқару элементтерін ғана теңшеңіз. Егер монитор тиісінше жұмыс істемесе немесе құлатылып, зақымдалса, өкілетті HP дилеріне, сатушысына немесе қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
- Монитордың жапсырмасы/паспорт тақтасында көрсетілгендей, тек бұл мониторға сәйкес келетін қуат көзі мен байланыс түрін пайдаланыңыз.
- Пайдаланылмаған жағдайда мониторды өшіріңіз. Экранды қорғау бағдарламасын пайдалану және монитор пайдаланылмаған жағдайда оны өшіру арқылы оның қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуға болады.


 **ЕСКЕРТПЕ:** "Қалдық кескінмен" зақымдалған мониторларға HP кепілдігі жарамайды.

- Корпустағы саңылаулар мен тесіктер желдету үшін жасалған. Бұл саңылауларды бітеуге немесе жабуға болмайды. Корпустың саңылауларына немесе басқа тесіктеріне ешқандай заттарды салмаңыз.
- Мониторды жақсы желдетілетін, шамадан тыс жарық, жылу немесе ылғал тиетін жерден алшақ ұстаңыз.
- Монитор тірегін алған кезде, монитордың сызатталуын, бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін оны жұмсақ жерге бетін төмен қаратып қою қажет.

Мониторды тазалау

1. Мониторды өшіріңіз және қуат сымын АТ розеткасынан ажырату арқылы компьютерден өшіріңіз.
2. Монитор шаңын жұмсақ, антистатикалық шүберекпен экранын және корпусын сүрту арқылы тазалаңыз.
3. Күрделі тазалау керек болғанда, су мен изопропил спиртінің 50/50 қоспасын пайдаланыңыз.


 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Экран бетін мұқият тазалау үшін, тазартқыш сұйықтықты шүберекке бүркіп, дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Тазартқыш сұйықтықты экран бетіне тікелей бүркімеңіз. Экранның артына еніп кетіп, электрониканы зақымдауы мүмкін.

 **АБАЙЛАҢЫЗ:** Монитор экранын не корпусты тазалау үшін бензол, еріткіш сияқты мұнай өніміне негізделген материалдар құрамында бар тазартқыш сұйықтықтарды немесе кез келген ұшпа заттарды пайдалануға болмайды. Бұл химикаттар мониторды зақымдауы мүмкін.

Мониторды тасымалдау

Сақтау орнында түпнұсқа қаптама қорабын сақтап қойыңыз. Кейін мониторды жылжитқанда не тасымалдағанда қажет болуы мүмкін.

A. Техникалық сипаттамалары

 **ЕСКЕРТПЕ:** Пайдаланушы нұсқаулығында берілген өнім сипаттамалары өнімді өндіру және жеткізу уақыттарының аралықтарында өзгеруі мүмкін.

Өнімнің ең соңғы сипаттамалары не қосымша сипаттамалары туралы ақпарат алу үшін, <http://www.hp.com/go/quickspecs/> сілтемесіне өтіп, үлгіңізге негізделген QuickSpecs табу үшін нақты монитор үлгісін іздеңіз.

68,6 см/27 дюйм: 2560 x 1440 үлгісі

Дисплей	Экран ені – 68,6 см	Экран ені – 27 дюйм
Көрінетін кескін өлшемі	Диагоналі – 68,6 см	Диагоналі – 27 дюйм
Максималды салмағы (қаптамасы алынбаған күйде)	8,2 кг	18,08 фунт
Өлшемдері (негізді қосқанда)		
Биіктігі	51,02 см	20,15 дюйм
Қалыңдығы	12,08 см	5,03 дюйм
Ені	61,36 см	24,16 дюйм
Максималды графикалық ажыратымдылық	2560 × 1440	
Оңтайлы графикалық ажыратымдылық	2560 × 1440	
Қоршаған ортада талап қойылатын температура		
Жұмыс температурасы	5 – 35° C	41 – 95° F
Сақтау температурасы	-34 – 60° C	-29 – 140° F
Қуат көзі	100–240 В АТ 50/60 Гц	
Кіріс клеммасы	HDMI коннекторы DisplayPort коннекторы	

68,6 см/27 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі

Дисплей	Экран ені – 68,6 см	Экран ені – 27 дюйм
Көрінетін кескін өлшемі	Диагоналі – 68,6 см	Диагоналі – 27 дюйм
Максималды салмағы (қаптамасы алынбаған күйде)	8,8 кг	19,40 фунт
Өлшемдері (негізді қосқанда)		
Биіктігі	51,02 см	20,15 дюйм
Қалыңдығы	12,08 см	5,03 дюйм
Ені	61,36 см	24,16 дюйм
Максималды графикалық ажыратымдылық	1920 × 1080	
Оңтайлы графикалық ажыратымдылық	1920 × 1080	
Қоршаған ортада талап қойылатын температура		
Жұмыс температурасы	5 – 35° C	41 – 95° F
Сақтау температурасы	-34 – 60° C	-29 – 140° F

Дисплей	Экран ені – 68,6 см	Экран ені – 27 дюйм
Қуат көзі	100–240 В АТ 50/60 Гц	
Кіріс клеммасы	HDMI коннекторы DisplayPort коннекторы	

62,2 см/24,5 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі

Дисплей	Экран ені – 62,2 см	Экран ені – 24,5 дюйм
Көрінетін кескін өлшемі	Диагонали – 62,2 см	
Максималды салмағы (қаптамасы алынбаған күйде)	7,50 кг	16,53 фунт
Өлшемдері (негізді қосқанда)		
Биіктігі	49,26 см	19,39 дюйм
Қалыңдығы	20,64 см	8,13 дюйм
Ені	55,73 см	21,94 дюйм
Максималды графикалық ажыратымдылық	1920 × 1080	
Оңтайлы графикалық ажыратымдылық	1920 × 1080	
Қоршаған ортада талап қойылатын температура		
Жұмыс температурасы	5 – 35° С	41 – 95° F
Сақтау температурасы	-34 – 60° С	-29 – 140° F
Қуат көзі	100–240 В АТ 50/60 Гц	
Кіріс клеммасы	HDMI коннекторы DisplayPort коннекторы	

Алдын ала орнатылған дисплей ажыратымдылығы

Төменде берілген дисплей ажыратымдылықтары ең жиі пайдаланылатын режимдер болып табылады және зауыттық әдепкі параметрлер ретінде орнатылады. Монитор осы алдын ала орнатылған режимдерді автоматты түрде таниды және олар экранда тиісті өлшемге келтіріліп және ортаға сәйкестендіріліп көрсетіледі.

68,6 см/27 дюйм: 2560 x 1440 үлгісі

Алдын ала орнатылған	Пиксель пішімі	Көлденең жиілік (кГц)	Тік жиілік (Гц)
01	640x480	31,47	59,94
02	640x480	37,50	75,00
03	720x400	31,47	70,08
04	800x600	37,88	60,32
05	800x600	46,88	75,00
06	1024x768	48,36	60,00
07	1024x768	60,24	74,93
08	1024x768	60,02	75,03
09	1280x720	44,77	59,86
10	1280x720	56,46	74,78
11	1280x768-R	47,40	60,00
12	1280x800	49,702	59,81
13	1280x800	62,795	74,934
14	1280x1024	63,98	60,02

15	1280x1024	79,98	75,02
16	1440x900-R	55,496	59,901
17	1440x900	55,935	59,887
18	1440x900	70,6	75
19	1600x900-R	60	60
20	1600x1200	75,00	60,00
21	1680x1050	65,29	59,95
22	1680x1050	82,306	75
23	1920x1080-R	66,587	59,934
24	1920x1080	67,158	59,963
25	1920x1080	67,5	60
26	1920x1080	166,442	143,856
27	1920x1200-R	74,04	59,95
28	1920x1200	74,56	59,89
29	2048x1280-R	78,918	59,922
30	2560x1080	66,636	59,978
31	2560x1440	88,787	59,951
32	2560x1440	104,056	69,923
33	2560x1440	182,817	119,88
34	2560x1440	221,97	143,856

68,6 см/27 дюйм: 1920 x 1080 және 62,2 см/24,5 дюйм: 1920 x 1080 үлгісі

Алдын ала орнатылған	Пиксель пішімі	Көлденең жиілік (кГц)	Тік жиілік (Гц)
01	640x480	31,469	59,940
02	720x400	31,469	70,087
03	800x600	37,879	60,317
04	1024x768	48,363	60,004
05	1024x768	60,032	75,029
06	1280x1024	63,981	60,020
07	1280x720	45,000	60,000
08	1280x800	49,702	59,810
09	1440x900	55,935	59,887
10	1680x1050	65,290	59,954
11	1920x1080	67,500	60,000
12	1920x1080	95,444	84,915
13	1920x1080	113,187	99,900
14	1920x1080	137,26	119,982
15	1920x1080	166,587	143,981

Пайдаланушы режимдерін енгізу

Бейне контроллерінің сигналы кейде алдын ала орнатылмаған режимге сұрау жіберуі мүмкін:

Стандартты графикалық адаптерді пайдаланбағанда.

Алдын ала орнатылған режимді пайдаланбағанда.

Мұндай жағдайда экрандық дисплейді пайдаланып, монитор экранының параметрлерін қайта реттеу керек болады. Өзгертулерді кез келген немесе барлық режимге, я болмаса жадта сақталғандарына енгізуге болады. Монитор жаңа параметрді автоматты түрде сақтап, жаңа режимді алдын ала орнатылған режим ретінде таниды. Зауыттық алдын ала орнатылған режимдермен қатар, енгізуге және сақтауға болатын кем дегенде 10 пайдаланушы режимі болады.

Энергияны үнемдеу мүмкіндігі

Монитор қуатты үнемдеу күйіне қолдау көрсетеді. Егер монитор көлденең немесе тік синхрондау сигналының жоқтығын анықтаса, азайтылған қуат күйіне енеді. Осы сигналдардың жоқтығы анықталғанда, монитор экраны көмескіленеді, артқы шам өшеді және қуат шамы сарғылт түске айналады. Монитор қуатты үнемдеу күйінде болғанда, монитор 0,5 Ваттық қуатты пайдаланады. Монитор өзінің қалыпты жұмыс режиміне оралмас бұрын қысқаша қыздыру уақыты кетеді.

Қуатты үнемдеу функцияларын (кейде қуатты басқару функциялары деп аталады) орнату бойынша нұсқауларды алу үшін компьютеріңіздің нұсқаулығын қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Жоғарыдағы қуатты үнемдеу функциясы монитор қуатты үнемдеу функциясы бар компьютерге жалғанған кезде ғана жұмыс істейді.

Монитордың қуатты үнемдеу утилитасында параметрлерді таңдай отырып, мониторды алдын ала анықталған уақытта азайтылған қуат күйіне ауысуға бағдарламалай аласыз. Монитордың қуатты үнемдеу утилитасы мониторды азайтылған қуат күйіне ауыстырғанда, қуат шамы сары түсте жанады.

В. Қолжетімділік

HP компаниясы адамдардың барлығы, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың ездігінен немесе сәйкес көмекші құралдармен қолдана алатын өнімдер мен қызметтерді құрастырады, өндіреді және сатады.

Қолдау көрсететін көмекші технологиялар

HP өнімдері көптеген операциялық жүйенің көмекші технологияларына қолдау көрсетеді және қосымша көмекші технологиялармен жұмыс істеуге конфигурациялауға болады. Көмекші мүмкіндіктер туралы қосымша ақпарат табу үшін мониторға жалғанған негізгі құрылғыдағы "Іздеу" мүмкіндігін пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Нақты көмекші технология өнімі туралы қосымша ақпарат алу үшін сол өнімнің тұтынушыға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Қолдау көрсету қызметіне хабарласу

Біз өнімдеріміз бен қызметтеріміздің қолжетімділігін үнемі жетілдірудеміз және пайдаланушылардың бізге хабарласуын құптаймыз. Өнімге байланысты туындаған сұрақтарыңыз болса немесе сізге көмектескен қолжетімділік мүмкіндіктері туралы айтқыңыз келсе, (888) 259-5707 нөміріне дүйсенбі мен жұма күндері аралығында, таңғы 6-дан кешкі 9-ға дейін хабарласа аласыз (қыстық уақыт белдеуі). Егер құлағыңыз естімесе немесе есту қабілетіңіз нашар болса және TRS/VRS/WebCapTel пайдалансаңыз, техникалық қолдау қажет болса немесе қолжетімділік бойынша сұрақтарыңыз болса, (877) 656-7058 нөміріне дүйсенбі мен жұма күндері аралығында, таңғы 6-дан кешкі 9-ға дейін хабарласа аласыз (қыстық уақыт белдеуі).